

Егемен Қазақстан

Адамгершілік қалпынан айнымаған жан



Нұрлан Өтепұлы үлкен азамат еді. Біз еліміздің тағы бір көрнекті қайраткерінен, баршамыз ерекше қадірлейтін бауырымыздан айырылды. Сұм ажал айтып келеді деймісің. Десе де, халқымыздың жайсаң да жанашыр жігітінен осылай қапылыста көз жазып қаламыз деген ой үш ұйықтасақ түсімізге кірген емес. Нұрлан бауырымыз Үкіметті де, мұнай саласын да басқарды, министр де болды. Қандай үлкен қызметте жүрсе де шіренген емес, адамгершілік қалпынан айныған жоқ. Үлкенге – іні, кішіге – аға бола білді. Жаны таза да жайсаң, көпшіл әрі қарапайым, қадірлі де адамгершілігі мол жан еді. Абзал азамат ешқашан алдымызды кесіп өтпеді. Жан дүниесімен әдемі әрі әзіл-қалжыңы да жарасып тұратын. Менімен бірде күйеу, бірде балдыз болып қалжыңдасатын. Нұрлан бауырым бүкіл өмірін еліне адал қызмет етуге, мұнай өндіруге арнады. Батыс Қазақстан өлкесі бүгінде жайнап, байлыққа кенеліп жатса, сол Нұрлан секілді мұнайшы әулеттердің арқасы. Араласатынбыз, сыйласушы едік, амал не. Жатқан жерің – жайлы, топырағын торқа болсын. Ел-жұртың, отбасың аман болсын, бауырым Нұрлан. Қош, алдыңнан жарылқасын!

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ.